

Ғылыми стиль туралы сипаттама

- 1 Ғылыми стиль ерекшелігі
- 2 Ғылыми стиль түрлері
- 3 Ғылыми стильді қолданған әйгілі адамдар

Ғылыми-стиль —зат не құбылыс ғылыми негізде сипатталып, дәлелдеуді қажет ететін стильдің бір түрі. Ал, пікір дұрыстығын дәлелдеу үшін ғылыми стильге нақтылық, логикалық, мазмұн дәлелділігі қажет.

Ғылыми стиль-жазба стилінің бір түрі. Бұған қазақ тілінде әр салада жазылған ғылыми шығармалар жатады. Ғылыми стильде зерттеу объектісі болатын-зат не құбылыс ғылыми негізде сипатталып, дәлелдеуді қажет етеді. Ғылыми стильдің лексикасындағы ерекшелік:

- 1) сөз тек өзінің негізгі мағынасында жұмсалды.
- 2) сөздің көп мағыналылығы, образды сөздер мұнда аз кездеседі.

3) ғылым салаларының ерекшеліктеріне қарай әр саланың арнайы термин сөздері болады. Ғылыми стильде жалпы жазу тіліне тән синтаксистік құрылыс пайдаланылады. Бұл стильдің негізгі ерекшелігі-ой күрделі баяндалып, анықтама, дәлелдеме және формулаларға негізделуінде. Ғылыми стиль түрлері: таза ғылыми шағын стиль, ғылыми-оқулық шағын стиль, ғылыми көпшілік шағын стиль. Ғылыми стильдің мазмұндық ерекшеліктері: нақтылық, объективтілік, қисындылық. Ғылыми стильдің басты лексикалық ерекшелігі-терминдер. Терминдер-ғылым мен техниканың, өнер мен саясаттың белгілі бір саосында қолданылатын нақты бір ұғымның атауын білдіретін сөз немесе сөз тіркесі. Ғылыми стильдегі еңбектерге монография, оқулық, мақала, ғылыми есеп, диссертация, реферат, баяндама, тезистер, патенттер жатады. Ғылыми стильдің грамматикасының жазылу стилінің екі түрі бар. Бірі-стильдік мәнері толық қалыптасқан, екіншісі-ғылыми стильден ауытқушылығы басым келетін ғылыми шығармалар. Ғылыми стильдің өзіне тән құрылымдық жүйесі болады: ғылыми мәтін, олардың құрылысы, авторлық бағалау, ғылыми зерттеудің мақсаты мен міндеттері, ғылыми мәтіннің сыртқы элементтері, кіріспе, бөлім, қорытынды. Ғылыми стильде метафоралар кездескенмен, оның бейнелілік, көркемлік қасиеті бәсең болады. Есімді сөйлемдермен қатар етістікті сөйлемдер өте көп кездеседі. Ғылыми стильдің ауызша және жазбаша түрлері кездеседі. Ауызша түрінің жазбаша түрден айырмашылығы оның стилінің еркіндігі деп айтуға болады.

Ғылыми стиль ерекшелігі

Ғылыми стильде сөйлемдегі сөздердің қалыпты орны, тіл нормасы қатаң сақталады. Яғни ғылыми стильде сөз көп мағыналы болып келмейді. Тек сөздің белгілі бір анықтамасы арқылы қолданылады. Сонымен қатар ол сөздің мағынасын ашу үшін де ғылыми стиль қолданылады. Қазіргі таңда ғылым даму үстінде. Сол себепті күннен-күнге жаңа ғылыми сөздер пайда болуда. Адамдар осы сөздерді ғылыми стильді қолдана отырып мағынасын жазуда. Сол арқылы жаңа пайда болған сөздер жалпы халықтық лексикаға айналады.

Ғылыми стиль түрлері

Ғылыми-стильдегі еңбектерге монография, оқулық, мақала, ғылыми есеп, диссертация, реферат, баяндама, тезистер, патенттер, т.б. жатады.

Ғылыми стильді қолданған әйгілі адамдар

Ғылыми стиль негізінен халықтық әдеби түрде жазылады. Бұл стильді қазақ елінің қайталанбас дарын иесі Мұхтар Әуезов қолданған. Оған мысал Абай жолы шығармасы. Негізінен Абай жолы шығармасы Мұхтар Әуезовтың зерттеу еңбегі болып табылады. Бұл жазушының шығармаларынан бөлек ғылыми стильді Пушкин, Лермонтов, Белинский еңбектерінен байқауға болады.

Ғылыми стильдің түрлері мен жанрлық ерекшеліктері

1. Ғылыми стильдің түрлері
2. Жанр терминіне сипаттама
3. Жанрлық топтастыру

Ғылыми стиль – стилісканың күрделі түрлерінің бірі. Өйткені ондағы тілдік элементтердің ерекшелігі тілдің барлық салаларымен тығыз байланысты болып келеді. Ғылыми мәтін құрылымы мазмұны мен мақсатына орай жанрлық түрлерге жіктеледі. Әуелі жанр ұғымының өзіне тоқтала кетелік. Бұл терминнің қолданылатын саласы көп. Содан болар, бұл ұғымға берілетін анықтамалар да негізінен жалпы сипатта болып келеді. Жанр дегенде ең алдымен кез келген әдеби шығарманың өзіндік белгілері, сипаты бар түрлері еске түседі. Қазақ филологиясында бұл ұғымының лингвистикадан гөрі әдебиеттануда қойылысы басым. Көп уақыт бойы осы ғылым саласының еншісіне бөлініп келді. Әдебиеттануда шығарманың жанры, яғни кейіпі дегеніміз бірыңғай және біркелкі қиысқан өзгеше сипаттардың, ерекше образ жүйесінің, айрықша композиция құрылысының, лайық тіл оралымының, белгілі ырғақ, интонацияның т.б. нақты бірлігі”деп түсіндіріледі. 3. Ахметов жанрды “әдеби нұсқаларды тегіне, түр-түсіне қарай ажыратып бөлу негізінде” қалыптасатын ұғым деп санайды. Жанр терминіне фольклортану тұрғысынан С.Қасқабасов былайша анықтама береді: Жанр дегеніміз — оқиғаны, идеялы шығармаға айналдырудың әдісі, жолы, құралы” . Ғылыми проза синтаксисін зерттеуші С.Әлісжанов жанр ұғымының лингвистикада аз кездесуінің себебін прагматикалық бірлік ретінде қарастырылмауынан деп түсіндіреді.

Орыс тіл білімінде ғылыми мәтінді жанрлық түрлерге ажырату жөніндегі көзқарастар бір арнаға тоғыспайды. Жанрлық топтастыру әрбір зерттеушінің қандай принциптерді негізге алатынына байланысты жасалып жүр. Мәселен, Т.Н. Мальчевская осы орайда мына мәселелерге назар аударады: мазмұндау тәсілдері, мазмұнның нақтылығы мен абстрактілігі, мазмұндаудың ықшамдығы мен кеңдігі толықтығы, жинақтау деңгейлері, интеллектуалдық ақпараттың мақсаты мен міндеттері . Н.М.Разинкина жанрға қатысты үш факторды келтіреді. Олар: 1) құрылым формасы; 2) ақпараттың сипаты; 3) ақпараттың эмоционалдық бояуы. Осы факторларға сүйене отырып, ғылыми прозаның мынадай түрлерін ажыратады: 1) монография; 2) журнал мақалалары; 3) рецензия; 4) оқулық (оқу құралы); 5) лекция; 6) баяндама; 7) ақпараттық хабарлар (конференция, симпозиум, конгресс.т.б. туралы); 8) жарыссөз; 9) анықтамалық материалдар.

М.Сералиев жанр табиғатын белгілі бір функционалдық стильдің шағын түрлерімен бірлікте алып қарастыра келе таза ғылыми шағын стиль, оқулық-ғылыми шағын стиль және көпшілікке ғылыми шағын стиль деп бөледі. Мұндай ғылыми тұжырымдар мәтіндерді әртүрлі белгілері бойынша жіктеуге мүмкіндік береді. Олар: 1) шығарманың көлемі; 2) мәтіндегі баяндау типтері; 3) мәтіннің кімге арналғандығы (адресат сипаты). Қазіргі зерттеулерде мәтін көлеміне орай бірнеше түрлері ажыратылады: ірі топ (монография, оқулық, лекциялар курсы т.т.), орта топ (баяндама, мақала, лекция т.т.), кіші топ (баяндама тезистері, аннотация, резюме, рецензия т.т.).

Сөз болған негізгі белгілерімен қоса қайсыбір қосымша белгілерді де көрсете кеткен жөн. Айталық, ғылыми шығармаларды мазмұн деңгейіне қарай анықтамалық журналдық, монографиялық, мемуарлық, ақпараттық, әдебиет деп бөлушілік осындай белгінің қатарына жатса керек. Сондай-ақ ғылыми мәтінде коннотациялық бағыттың қаншалықты дәрежеде орын алуына байланысты туындының кейбір топтарға ажыратылуын жанама сипаты бар белгілерге қосамыз. Бұл айтылғандарды мына кесте арқылы беруге болады:

Монографиялық жанр коммуникативтік жағынан болсын құрылымдық жағынан болсын ғылыми тілдің ең бір күрделі жанры болып табылады. Оның жанр ретінде мынадай белгілері анықталады:

- монографияның тақырыбы пәндік ғылымның өзекті мәселесін қарастыруды көрсетеді;
- мазмұндық күрделілігі жағынан сөйлесімнің иллюкутивті күші бір ғылыми саланың (пәннің) дамуына, едәуір үлес қосады;
- құрылымы жағынан монография кіріспеден, зерттеудің негізгі тұжырымдарынан, тақырыпқа қатысы бар барлық мәселелер бірізділікпен қарастырылатын бірнеше тараулардан немесе бөлімдерден, зерттеудің қол жеткізген нәтижелерін баяндайтын қорытындыдан тұрады .

Ғылыми тілдің ең бір дамыған және еркін жанры – ғылыми мақала. Мақаланың еркіндік сипаты онда қамтылатын материал мазмұнының құрылымынан, мәтіннің логикалық ұйымдасу, коммуникативтік мүшеленуі тәртібінен, тақырыпты тандаудан көрінеді. Е.С. Троянская мақаланың жеті түрін көрсетеді: деректерді ықшам баяндау, ғылыми нәтижелерді кең баяндау, ғылыми-әдістемелік мақала, тарихи-ғылыми мақала, теориялық мақала, пікірталастық мақала, жарнамалық мақалалар .

Ю.А. Васильев мақала мазмұнының теориялық, практикалық және ақпараттық бағдарын ескере отырып, оларды негізінен мынадай түрлерге бөледі: теориялық, әдістемелік және техникалық. Ал Р.С.Аликаев ғылыми мақалалардың аталған барлық түрлерін екіге бөліп қарайды: ақпараттық және концептуалдық .

Оқу-ғылыми шағын стилі

1. Оқу-ғылыми шағын стилі
2. Оқулықтардағы жанрлық ерекшеліктер
3. Жанр ұғымының лингвистикалық мәні

Қазақ тілінде оқу-ғылыми шағын стилі жақсы дамыған. Ғылыми стильдің бұл түрінің негізгі жанрлары – оқулық, оқу құралдары, оқу мақалалары. Бұл үшеуі бір-бірімен тығыз байланыста, өйткені прагматикалық мақсаттары ортақ. Олардың басты бағдарлары оқу процесінің немесе оқу коммуникациясының мақсаты “үйретумен” (оқытумен) байланысты. Бұл жалпы мақсат өз кезегінде көптеген шағын міндеттерді құрайды: ақпаратты жеткізу мен бекіту, игеру, яғни қабылдаушыны оқу процесінің белгілі бір әрекетіне тарту, қабылдауды неғұрлым жеңілдету.

Оқу әдебиеттеріндегі мазмұнның композициялық мүшеленуі автор ойының қозғалысына және негізгі мақсаттың көрініс табуына (шешілуіне) байланысты. Автор қалай болғанда да оқулықта баяндалатын мазмұн материалының қабылдауға неғұрлым қолайлы болғанын қалайды және соған жету мақсатын өзіне қояды.

Оқулықтың өн бойында белгілі бір ғылыми ақпарат қарапайым тілмен баяндалып отырады. Автор “ақпараттың берілуін” тыңдаушылардың оны қалай қабылдайтынына, ал “ақпараттың игерілуін” тыңдаушылардың оны қалай түсінетініне қарап түзеді. Автордың коммуникативтік бағдарына сәйкес мәтінде субъективті’ модальділік элементтері де кездесіп отырады. Олар автордың сөйлеу тақырыбына деген жеке қатынасы болып табылады. Айталық, “Сіз — қазақ дейтін ұлы халықтың ұрпағысыз!”, “Сіз де сондай болыңыз, өсіп-жетіп толығыңыз!” тәрізді; көтеріңкі үнмен айтылатын лепті сөйлемдер ғылыми ақпараттың берілуіне қатыссыз, автордың мәтіндегі субъективті қатынасы деуге болады.

Қазіргі кезде әртүрлі сала, мамандықтар бойынша шығып жатқан оқулықтар, оқу құралдары баршылық. Алайда солардың қайсыбірінде жанрлық ерекшеліктер композициялық түзілім көбіне-көп ескеріле бермейді. Сондай-ақ, монографиялық үрдісте жазылған еңбектер оқу құралдары, құрылымы жағынан оқу құралдары сипатындағы, әдебиеттер монография делініп жүреді. Ғылыми тіл мәдениетіне қатысты бұл мәселелерді өз алдына бөлек, әңгіменің жүгі ретінде қарай отырып, оқу әдебиеттерінің композициялық

құрылымы жөнінде мынаны айтқан жөн. Әдетте оқулықтар мен оқу құралдарының сыртқы композициясы дәстүрлі схема бойынша құрылады: кіріспе, мен негізгі бөлім, негізгі бөлімнің тараулары, параграфтары, олар бойынша жасалатын қорытындылар. Оқулық құрылымының курс бағдарламасы бойынша құрылуы жеткіліксіз, ол белгілі бір пәннің ұғымдарын жүйелі түрде бейнелеп қарастыру керек, сонда ғана ғылыми пәннің жалпы сұлбасы танылады. Оқулықтың әрбір бөлімі, тарауы өзіне мына элементтерді қосады: 1) нысанның сипаттамасы; 2) нысанның қасиеттерін мысалдар арқылы түсіндіру, негізгі қызметтерін айту, жаңа білімді логикалық тәсілмен анықтау; 3) тақырыпқа қатысты ұғымдарды талдау, салыстыру, салғастыру, сондай-ақ бағалау арқылы жинақтау.

Сонымен, бұл тармақты қорыта келгенде, ғылыми тілді жанрлық тұрғыдан саралау өзінің мақсат-мүддесіне қарай тілден тыс факторлардың қатарынан саналады. Қарым-қатынастың белгілі бір аясындағы әрбір мәтін функционалдық стильдің бір түріне жататындығымен сипатталады және сол стильдің мазмұндық-құрылымдық белгілерінен туындайтын өзіне тән тілдік құралдармен рәсімделеді. Мұндай өзіндік тілдік құралдар стилистикалық нормалар жүйесін құрайды. Бұл стилистикалық нормалар жүйесінен уәжді ауытқу саналы түрде жүзеге асады, автор мақсатты ауытқу арқылы оқырмандармен тығыз қарым-қатынас орнатуды көздейді, мәтіннің жоғары деңгейдегі ақпараттылығына жетуді мақсат етеді.

Жанр ұғымының лингвистикалық мәні оның сөйленісті ұйымдастыратын прагматикалық категория екендігінен көрінеді. Жанрлық ұйымдасу, сол арқылы туындайтын стилистикалық біртектілік белгілі бір мәтінді біртұтас қабылдаудың қажет талабы болып табылады. Бір қарағанда, жанр мен функционалдық стиль ұғымдары ұқсас болып көрінуі мүмкін, алайда бұл екеуі бір нәрсе емес, көптеген жақтары арқылы олар ажыратылады. Айталық, стильді таңдау қарым-қатынас аясына байланысты болса, ал жанр – қарым-қатынас ситуациясына байланысты жүзеге асады.

Ғылыми тілдің жанрлары басқа жанрлық құрылымдардан, мысалы, құжаттық жанр түрлерінен ерекшеленіп тұрады. Құжаттарда әрбір сөз, сөйлем ешқандай ауыспалы мәнсіз тура мағынасында жұмсалатын болса, оларға қарағанда ғылыми тіл жанрлары босандау келетіні рас, соңғысы өзінің құрамына көптеген тілдік нұсқаларды (оппозициялық құрылымдарды, синонимияны т.б.) енгізуі мүмкін. Сонымен ғылыми тіл жанрларының да қолданылу дәстүріне сәйкес өзіндік талаптары болады.

Әдебиеттер:

1. Жанр сипаты. - Алматы: Ғылым, 1971.
2. Ахметов З. Жанр // Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. - Алматы: Ана тілі, 1996.
3. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984.
4. Әлісжанов С. Ғылыми прозаның синтаксисі. – Алматы, 2007.
5. Мальчевская Т.Н. Специфика научных текстов и принципы их классификации (на материале биологических текстов) // особенности: Методические пособие. Ч.І. - М.: Всесоюзный центр переводов, 1984.
6. Разинкина Н.М. Некоторые общие проблемы изучения функционального стиля// Особенности стиля научного изложения. - М., 1976.
7. Серғалиев М. Стилистика негіздері: Оқулық. - Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006.

Ғылыми стильдегі лексиканың стильдік жіктелісі.

1. Ғылыми стиль лексикасы
2. Парсы тіліндегі ғылыми стильдегі лексиканың орны
3. Ғылыми стильдің ірі және шағын жанрлары болады

Ғылыми стиль - функционалдық стильдің тілдік белгілерімен сараланатын айрықша бір түрі. Ғылыми стиль жазба стильге жатады, оған әр ғылым саласында жазылған ғылыми еңбектер, зерттеулер, оқулықтар кіреді. Ғылыми стильдің өзіне тән құрылымдық жүйесі болады. Олар: ғылыми мәтін, олардың құрылысы, авторлық бағалау, ғылыми зерттеудің мақсаты мен міндеттері, ғылыми мәтіннің құрылысының сыртқы элементтері, кіріспе, бөлім, әр бөлімнің түйіндемелері, қорытынды сияқты белгілі жүйелілік сатыдан тұрады. Ғылыми стильдің ірі және шағын жанрлары болады. Ірі жанрларына жеке автордың және ұжымдық ғылыми еңбектер жатады: диссертация, энциклопедия, сөздік, оқулық, оқу құралы. Ғылыми стильдің ұсақ жанрларына мақала, реферат, тезис, рецензия т.б. жатады.

Ғылыми стильдің лексикасындағы ерекшелік сөз тек өзінің мағынасында жұмсалады. Ғылым салаларының ерекшеліктеріне қарай әр саланың арнайы термин сөздері болады. Ғылыми стильде жалпы жазу тіліне тән синтаксистік құрылыс пайдаланылады. Бұл стильдің негізгі ерекшелігі - мұнда ой күрделеніп, анықтама, дәлелдеме және формулаларға негізделеді. Сонымен бірге әрбір ғылым саласының өзінің ерекшелігіне қарай баяндау тәсілінде кейбір өзгешеліктер болады.

Ғылыми стильде зерттеу объектісі болатын зат не құбылыс ғылыми негізде сипатталып, дәлелдеуді қажет етеді.

Аңдатпа жазу ерекшеліктері

1. Аңдатпа сөзіне сипаттама
2. Аңдатпаның жазу ерекшеліктері
3. Аңдатпаның жазудың талаптары

Аннотация, аңдатпа (*lat. annotatio — ескерту, аңдату*) — кітаптың, топтама жинақтың, қолжазбаның мазмұнын оқырманға қысқаша баяндау. Ол - кітаптың, мақаланың мазмұнын, саяси-идеялық бағытын, құндылығын түсіндіретін қысқаша сипаттама, алайда бұл жанр туралы да әртүрлі тұжырымдар бар. Мысалы, профессор Т.Кәкішев «Аннотация белгілі бір шығарманың негізгі мән-маңызын қысқаша түйіндейді» десе, екінші біреулер «Аннотация - шығарманың қысқаша мазмұны» деген сипаттаманы ұсынады. Аннотация, әдетте, кітапқа жазылатын еңбектің бірінші бетінде берілетін өте шағын жазба түрінде және баспасөзде басылатын шығарманың қысқаша мазмұнымен бірге қосымша пікір, үгіт-насихат жасауға құштар авторлардың мақаласында кездеседі. Аннотацияға қойылатын талаптардың өзіндік ерекшелігіне қарай, кітаптың алғашқы бетіне берілетін аннотация мен баспасөз беттеріндегі аннотацияның өзара айырмашылығы бар. Баспасөз беттерінде жүретін аннотациялар көп жағдайда көпшілікке арналып, кейде рецензияға айналып кетіп жатады. Аннотацияда шығармаға баға беріп, автор туралы мәліметтер келтіруі.

Автор (лат. *auctor* — жасаушы, шығарушы) — көркем шығарманы, ғылыми публицистикалық туындыны, сәулеткерлік дүниелерді, жобаларды, өнертабысты жазған, әдебиет, өнер, музыка, бейнелеу, мүсін, сәулет, графика, ғылым, техника саласында шығарма жазған (жоба жасаған т.б.) немесе соған қатысқан адам не ұжым (мекеме, ұйым).

Қазіргі өнертануда, әдебиеттануда қалыптасқан түсінік бойынша автор өнер туындысын жасаушы; қаламгер, өз шығармасы арқылы өзінің дара, көркемдік танымын әйгілейтін шығармашылық тұлға. Автор санаты шығармашылық қабілет, шығармашылық даралық, дара дүниетаным, этикалық, эстетикалық принцип, өмір тәжірибесі секілді ұғымдар ауқымында талданады. Әлемдік өнертануда автор санаты туралы ортақ тұжырымның жоқ екенін де ескерту қажет.

Кітаптың немесе жекелеген мақаланың жазылу тарихын қамтуы, әдебиеттерге және тағы басқа деректерге сілтеме жасауы да мүмкін. Әдебиет (араб.: асыл сөз) — сөз өнері, әлеуметтік мәні бар шығармалар жиынтығы.

Мазмұнына қарай саяси, ғыл., тех., көркем әдебиет болып бөлінеді. Әдебиет атауы көбінесе, көркем әдебиет мағнасында қолданылады.

Оқырман аннотацияға сүйене отырып, өзіне қажетті әдебиетті таңдай алады.

Реферат жазуға арналған әдістемелік нұсқаулар

1. Реферат сөзіне сипаттама
2. Реферат жазуға арналған әдістемелік нұсқаулар
3. Реферат жазудың талаптары

Реферат бұл – белгілі бір тақырып бойынша студенттің жазбаша жұмысы. Студент рефератты жазу кезінде берілген тақырып бойынша барлық әдебиеттерді жинақтап, талдау жасап ғылыми материалдарды жүйеге келтіру керек.

Рефераттың құрылымы:

1. Рефераттың құрылымы:

- мұқабалық бет;
- мазмұны;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды;
- қолданылған әдебиеттер тізімі.

2. Рефераттың көлемі шамамен басылған 10-14 бет болуы керек.

Рефераттың мазмұнына қойылатын талаптар:

1. Кіріспеде тақырыптың актуальдық жағы, тарихнамалық шолу, зерттеудің міндеті мен мақсаты, тәжірибелік мәні көрсетілуі керек (кіріспенің көлемі 2-3 бет болуы керек).

2. Негізгі бөлім зерттеліп отырған тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерді талдаудан тұрады. Негізгі бөлімнің материалдары тарауларға бөлінуі керек. Әр тараудың атауы болады және ол негізгі бөлімнің тарауының мазмұнын ашуы керек (негізгі бөлімнің көлемі 4-5 бет болуы керек).

3. Қорытынды қысқа түрде зерттеудің нәтижесі мен нақты қорытындылардан тұруы керек (2-3 бет болуы керек).

4. Әдебиеттер тізімі келесі критерийлер бойынша ресімделеді:

- алфавиттік тәртіп бойынша;
- тақырыптық-хронологиялық;
- деректемелердің түрі бойынша.

Қосымшаға зерттеу кезінде қолданылған көмекші материалдар кіреді: құжаттардың көшірмесі, суреттер, схемалар, таблицалар, статистикалық есептер.

Рәсімдеу тәртібі:

1. Рефераттың тақырыбын қолмен жазуға және 1 интервал арқылы компьютерде жазуға болады.

1. Қатаң түрде келесі қашықтықтар сақталуы керек: сол жағынан -30 мм, астынан - 20 мм, үстінен - 20мм, оң жағынан -15 мм.

Ғылыми мақала жазуға баулудың жолдары.

- 1.Мақала жазу барысындағы ілгерілеушіліктер.
- 2.Жазуға дейінгі қалыптасатын дағдылар
- 3.Мақаланың құрылымы

Ғылыми мақала жазу үшін автор объектісін жете білу керек. Мақала жан-жақты зерттеулердің немесе жасалған тәжірибелердің қорытындысын негізге ала отырып жазылады. Мақала жазу үшін автор алдымен өзін толғандыратын яғни қызықтыратын тақырыпты таңдап алуы қажет. Содан соң сол тақырыпты ашу мақсатында зерттеулер мен тәжірибелер жасай отырып, осы мәселелер жайындағы ойларын,немесе жаңалықтарын ортаға салудың немесе көпшіліктің назарына ұсынудың мезгілі жеткен кезде ғана қолға алады.

Ғылыми мақалалар ғылымның әр саласының өз терминдерін, ұғымдарын сақтай отырып жазылады. Ғылыми мақалаларды екі түрге бөліп қарауға болады: ғылыми-көпшілік стиль /яғни жалпы жұртқа түсінікті/, таза ғылыми шағын стиль – тек қана белгілі ғылым саласындағы мамандарға арналған.

Мақаланың барлығы бірдей жаңалық әкелмегенімен, сол саладағы соны пікірлердің, жаңа пайымдаулар мен көзқарастардың болуын қажет етеді. Қалың жұртшылыққа арналған мақалаларда қорытындыны автор көбінесе, өзі шығармай оқырмандардың назарына ұсынумен шектелсе, ғылыми мақалаларда, қорытынды шығарарлықтай тұжырымды көбіне автордың /мақаланы жазушының/ өзі жасайды.

Негізгі әдістер

1. Мақалаңыздың тақырыбын нақтылаңыз. Бір мақала тек бір тақырыпты ашуы тиістігін ұмытпаңыз. Бірнеше нәрсені қозғап, негізгі тақырыптан ауытқып кетуіңіз мүмкін. Ал бұл өз жолында мәтініңізді түсініксіз етеді. Бір мақала - бір мағына, бір тақырып.
2. Тақырып қойыңыз. Тақырыбыңыз оқырман аудиториясын бір қарағаннан-ақ қызықтыруы тиіс. Тақырып қою шеберлігі болса тіпті керемет. Себебі, тақырып - мақаланың құрылымынан да маңызды. Тақырыпты ашатын қысқаша үш-төрт сөйлем жазыңыз. Бұл тақырып таңдаудан кейінгі маңызды қадам - лид.
3. Мақалаңыздың негізгі фактілерін белгілеңіз. Факт, ой, мағына. Осының бәрін парақшаға сөздермен түсіріп, жоспар құрыңыз. Сөйлеммен емес, сөзбен. Енді жоспарыңызды оқып шығыңыз. Егер ол тақырыбыңызға сай болып, мағынасын ашып тұрса, мақала жазуға кірісіңіз.
4. Әр сөздеріңізге(факт, ой, мағына) бір абзацтан арнаңыз. Барлық абзацтың қалыңдығы(ұзақтығы) бірдей болған жөн. Себебі, оқырман мұндай құрылымды тез әрі жеңіл қабылдайды.

Мақаланың құрылымы жайлы ұмытпаңыз -

- Кіріспе (негізгі ойға қысқаша тоқталу)
- Негізгі бөлім
- Қорытынды(негізгі ойларыңызды қорытындылаңыз)

5. Мәтіннен бос сөздерді алып тастаңыз. Сөйлемдер бастауыш пен баяндауыштан басталғаны дұрыс. Түсініксіз сөйлемдерді ауыстырыңыз. Бір сөйлем 6-7 сөзден тұруы керек.

6. Мақаланы дауыстап оқып шығыңыз. Стилистикалық қателер мен теріп жатқан кезде кеткен қателерді жөндеңіз. Қайталанатын сөздерді алып тастап, орнын синоним сөздермен толықтырыңыз!

Міне енді мақалаңыз дайын. Басты ережені ұмытпаңыз, мақала жазудың шебері болу үшін - күнделікті мақала жазып жүрген абзал

Ғылыми мақала жазу кезіндегі дағдылар.

1. Ғылыми-көпшілік мәтіндердегі баяндау типтері.
2. Мақала жазу барысында қолданылатын құрылымдар
3. Ғылыми мақала жазуға баулудың жолдары

Академиялық жазудың басты мақсатының бірі – студентті ғылыми мақала жазуға баулу. Ғылыми мақала жазу – оңай емес, ол өзіне жазуға дейінгі ойлау элементтерін қосатын, тілден тыс жатқан логикалық құбылыстармен де байланысы бар күрделі үдеріс. Ғылыми мақала жазуды санада белгілі бір тақырып жайында ойды қорытуға қабілеті бар жеке тұлға ғана іске асыра алады. Студенттің болашақ маман екендігін ескерсек, осы міндетті (ғылыми мақала жазу) университетте оқып жүріп игеру немесе игерту үшін қадам жасау маман және оның болашақ саласы үшін де пайдалы болмақ.

Бұл баяндамада ғылыми мақала жазуға баулудың кейбір жолдарына тоқталамыз.

Ғылыми мақала жазу тек сауатты жаза білумен шектелмейді, ең әуелі ол ойлау дағдысын, сондай-ақ жазу барысындағы біліктілікті игеруден көрінеді және жазудан кейінгі атқарылатын жұмыстарды да жетік меңгеру қажет. Осылай еткенде ғана ғылыми мақала жазуды ұйымдастырудың басты тетіктері мейлінше кең көрініс таппақ, үйрету әдістемесі де неғұрлым толыққанды болмақ. Сондықтан ғылыми мақала жазудың басты әдістерін үш мәселе төңірегінде қарастырамыз. Біздің ойымызша, осы үш нәрсе бойынша студенттер қажетті дағдыларды қалыптастыра алса, ғылыми мақала жазу барысында ілгерілеушілікке ие болады. Олар: 1) *Жазуға дейінгі дағдылар*;

- 2) *Жазу кезіндегі дағдылар*; 3) *Жазудан кейінгі дағдылар*. Енді осылардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық.

1. Жазуға дейінгі дағдылар

Жазуға дейінгі дағдылар ойлау, есте сақтау, тақырыпты логикалық бөліктерге ажырата алу және ауызша жеткізе білу тәрізді әрекеттермен байланысты. Сондықтан практикалық бағытта орындалатын тапсырмалар осы мәселелердің айналасында іске асуы тиіс, солар бойынша дағдылар қалыптастыруды көздейді.

Жазылымның сөйлеу әрекеттерінің басқа түрлеріне қарағанда (сөйлесім, оқылым, тыңдалым) әлдеқайда күрделі және содан кейін, осы әрекеттердің негізінде жүзеге асатынын ескерсек, аталған дағдыны студенттің бойында қалыптастыру аса маңызды болып табылады. Ол студенттің белгілі бір тақырып бойынша оның логикалық сызбасын нақты көз алдына елестетіп, түсіне алуға, өз ойында ойша жинақтап алуға көмектеседі. Бұл дағды – нақты жазуға апарар жол болмақ, осы жолда шыңдалмаған үйренуші жазу барысында да кейбір қателіктерге ұрынуы әбден мүмкін.

Жазуға дейінгі қалыптасатын дағдыларды мына сызба бойынша беруге болады:

1. Ойлау
2. Ішкі үн
3. Логикалық бөліктерге ажырату
4. Сыртқы тіл

Аталған дағдылардың негізінде студенттің тілдік санасында мәтіннің логикалық сызбасы түзіледі, оны былайша беруге болады

Негізгі тезис—Мәтіннің логикалық сызбасы--

Дәлел 1 дәлел 2 дәлел ... Иллюстрация (мысалдар)

Қорытынды (резюме)

Сызбаға түсініктеме бере кететін болсақ, бұл жерде *негізгі тезис* – негіздеуді қажет ететін пайымдау болып табылады. Негізгі тезис өзіне сөйлеу тақырыбын (мәтінде не туралы айтылатындығы) және оның талданатын белгілерін (тақырыптың белгілерін) қосады. *Дәлел*

(аргумент) – бұл тезистің негіздемесі; дәлелдер. *Иллюстрация* – теориялық жайттарды бекітетін мысалдар. *Қорытынды* (түйін) – тақырыпты аналитикалық талдаудың түйіндемесі, зерттеудің болашақ бағдары

Ғылыми мақала жазу кезіндегі дағдылар

1. Жазу кезіндегі дағдылар
2. Ғылыми-көпшілік мәтіндердегі баяндау типтері
3. Жазудан кейінгі дағдылар

Жазу кезіндегі дағдылар жазбаша ғылыми қарым-қатынас барысында қолданылатын әртүрлі мағыналық құрылымдарды үйретуге арналады. Құрылымдық-мағыналық топтарды функционалдық аспектіні негізге ала отырып, деңгей бойынша

және негізгі, аралық, шеткері аймақтарда қолданылатын тілдік құралдарды ажыратып оқытқан дұрыс. Сонымен бірге ғылыми және ғылыми-көпшілік мәтіннің баяндалу типтерін де назардан тыс қалдырмаған дұрыс. Өйткені тәжірибе барысында таза ғылыми мәтіндермен қатар ғылыми-әдеби (көркем), ғылыми-публицистикалық, ғылыми-құжаттық мәтіндердің кездесіп отыруы заңды, осы орайда біздің міндетіміз – осылардың барлығына ортақ, оқыту өлшемдеріне лайық, типтік мәтіндерді дұрыс іріктей алуымызда болса керек. Бұған қоса әрбір тілдің ерекшелігі болатыны тәрізді, қазақ тілінің де ұлттық ойлау жүйесіне тән ерекшеліктердің тілдегі көріністерін және мұның ғылыми-көпшілік мәтіндерге де тән болып келетіндігін ескереміз.

Әрине, бір баяндаманың көлемінде осының бәрін кең көрсету мүмкін емес, сондықтан біз аталған мәселелердің кейбіріне ғана тоқталамыз.

Ғылыми-көпшілік мәтіндердегі баяндау типтері: *сипаттау, хабарлау, талқылау* болып келетіні белгілі, сондықтан олардың мазмұндық және тілдік ерекшелігін дәріс алушы өзінің санасына сіңіру керек, белгілі бір дәрежеде білім болуы шарт.

Мағыналық қатынастар қазақ тілінде көп, айталық, *бағалауыштық, себеп-салдарлық қатынас, салыстыру, дәлелдеу, сілтеме, түсіндіру (санамалау), қорытындылау* т.б. Соның ішінде, себеп-салдарлық қатынасқа тоқталып көрелік.

Себеп-салдарлық қатынас – ғылым, ғылыми-көпшілік тілде қолданылатын негізге мағыналардың бірі. Олай болатын себебі ғылымда себепсіз ешнәрсе жасалмайды, ешқандай салдар болмайды. Салдардың көрінуіне негіз болатын себеп те жасалу тәсілі жағынан, мағыналық реңкі жағынан әртүрлі болып келеді. Себеп-салдарлық қатынас себеп пен салдардың ара жігі айқын көрінетін құрмалас сөйлемдер арқылы ғана емес, жай сөйлемдердің де мағынасынан нақты көрініп тұрады. Мысалы: *Өсімдіктерде күрделі химиялық реакциялар болады* деген сөйлемді аламыз.

Сөйлемде салдар (нәтиже) берілген, ал оның себебін мамандар жақсы біледі: *Күн энергиясының әсерінен өсімдіктерде күрделі химиялық реакциялар болады*. Осы орайда себеп зат сапасынан, қасиетінен туындайтын қорытынды себеп ретінде танылады. Тақырыпқа орай үлгі ретінде мынадай жаттығуларды ұсынуға болады:

1. Төменде салдар берілген, себебін өзіңіз жазып көріңіз.

Күн мен түннің алмасуы болады...

... тірі организмде ауру пайда болады.

... дене өзінің формасын өзгертеді. Өнім шығару ұлғайды...

Техника адам болмысын билеп алды...

2. Себептіліктің қандай салдарға әкелетінін жалғастырып жазыңыз.

Ғылым мен бизнестің берік байланысы нәтижесінде ...

Біз ата-аналарға мүмкіндігінше жазалаудан аулақ болуды ұсынамыз ... Білім ошақтарындағы дұрыс оқытудың нәтижесіне байланысты ...

Бесіктегі баланың денесі құрғақ болғандықтан ...

Алғашқы көшірме аппараттары кең қолданысқа ие бола алмады, ...

Ғылыми, ғылыми-көпшілік мақала жазу барысында осындай құрылымдарды пайдаланбау мүмкін емес, сондықтан олардың әрқайсысын жазу барысында тыңғылықты үйрену қажет.

Жазу кезіндегі үйренуге тиіс мәселелердің бірі – ғылыми және ғылыми-көпшілік жұмыстардың құрылымы. Барлығымызға белгілі, ғылыми бағытта жазылатын жұмыстар *кіріспе, негізгі бөлім, қорытындыдан* тұрады, алайда бір қарағанда, белгілі болып көрінетін осы жайт нақты тәжірибе барысында едәуір қиындықтар туғызып жатады. Дәріс алушы аталған құрылымдық бөліктердің тілдік, мазмұндық ерекшеліктерін білмейді, сол білмегендіктен жазған жұмыс өзінің коммуникативтік мақсат-міндетін дұрыс орындамайды. Жоғарыда сөз болған мағыналық бірліктердің осындай құрылымға қатысы бар екендігін айта кеткен жөн, әрбір бөлім өзіндік тілдік және коммуникативтік ерекшеліктен тұратынын ескерген жөн. Мәселен, бағалаушытық тілдік құрылымдарды алалық.

Ғылыми, ғылыми-көпшілік мәтіннің қай бөлігінен болмасын бағалаушытық құрылымдарды табуға болады. Бағалаушытық құрылымдар жекелеген сөздер, сөз тіркесі, оралымдар, қыстырма тұлғаларында қолданылады. Тақырыптың өзектілігін білдіретін бағалаушытық құрылымдар көбінесе кіріспе бөлімде жұмсалады. Мұндай құрылымдар, әдетте, белгілі бір мәселенің зерттелу барысын баяндау барысында қолданылады:

зерттеу маңызды, ... зерттеу аса//өте маңызды, ... алатын орны орасан зор, бүгінгі күннің өзекті тақырыбы, бүгінгі күннің өзекті тақырыбына айналып отыр, бүгінгі күн талаптарының бірі, орынды, үлкен сұранысқа ие болып отыр, өзекті, сөзсіз, даусыз, қажет, мүмкін, ықтимал т.б.

Өз дәлелдемелерін ұсыну, негіздеу барысында *менің ойымша, меніңше, біздің көзқарасымызша, біздіңше* деген қыстырмалар арқылы берілетін бағалаушытық құрылымдар, олар автордың өзіндік көзқарасын білдіру үшін жиі пайдаланылады және көбінесе негізге бөлімге тән болып келеді. Сондай-ақ, эмоционалдық мәндегі бағалау да кездеседі: *өкінішке орай, өкінішті* т.б.

3. Жазудан кейінгі дағдылар

Редакторлық жұмыстар, өз жұмысына басқаның көзімен қарай білу, жазба жұмыста кездесетін стилистикалық-функционалдық белгілерді нақты айқындау т.т. дағдылар – жазудан кейінгі дағдылар қатарына жатады. Бұл кезеңдегі жұмыстар негізінен дайын мәтіндермен жүргізіледі, дәріс алушы дайын мәтіндерді функционалдық және коммуникативтік белгілеріне қарай ажырата білу керек, бұл дағды әртүрлі редакторлық немесе стилистикалық өңдеулер негізінде дамытылады.

Қорыта келгенде, жазу болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін, лингвистикалық сауаттылығын танытатын маңызды тұстардың бірі. Сауатты жазуды үйрену қандай мамандық болмасын дағдыланатын жалпы филологиялық мәні зор сапалық өлшем болып табылады. Сондықтан оған үйрету, баулу жолдарын жетілдіру – тілдік курстардың басты міндеттерінің бірі.

Дипломдық жұмысты жазу үлгілері

1. «Дипломдық жұмыс» сөзіне сипаттама беру
2. Дипломдық жұмыстар алгоритмы
3. Дипломдық жұмыстың мазмұны

Диплом жұмысы – жоғарғы оқу орнындағы соңғы әрі қорытынды жұмысыңыз, сіздің жылдар бойында алған біліміңіздің нәтижесі. Сол себептен де, бұл мәселеге асқан жауапкершілікпен қарап, тыңғылықты іздеу жұмыстарын жүргізу керек. Ал біз өз тарапымыздан диплом жұмысының жазылу ережесін шама-шарқымызша түсіндіріп өтпекшіміз. Жаңа оқу жылы басталғаннан кейін (4 курс басында) 1-2 айдың ішінде жетекшіңіз бен диплом тақырыбыңызды таңдап, жетекшіңіздің кафедрасына өтініш беруіңіз керек. Диплом тақырыбы үш тілде бекітіледі. Соңғы айда үлгермей қалып, көрінген жерден ақпарат көшірмес үшін, осы сәттен бастап жұмысты бастай беріңіз. Сіздің басты көмекшіңіз – жетекші мен кітапхана. Тақырыбыңызға қатысты мәліметтерді қарастырып болғаннан кейін жетекшіңізге барыңыз. Бірге отырып жоспар құрасыздар. Немесе жетекші жоспар құруды өзіңізге тапсырып, соңында бекітетін болады.

Дипломдық жұмысты дұрыс дайындау бұл комиссияның алдында қорғаудың табыс кепілі, ол дегеніміз грамматикалық жағынан, стандартқа және жалпы жазылу ережесіне сәйкестігін, негізгі ғылыми қорытындылауды, сонымен қатар сол тақырыпқа байланысты әдебиеттер тізімін және қосымшасын көрсету.

Кез-келген дипломдық жұмыстар келесі алгоритм бойынша жазылады:

- Жұмыстың тақырыбының таңдалуы және оның не үшін таңдалғанына түсініктеме;
- Іздеу және әдебиетті оқу, сол тақырыпты ашу бойынша;
- Алдын-ала жобаны дайындау және бекіту;
- Жұмыстың негізгі бөлігін жазу;
- Қорытындыны жазу, мазмұнды құру;
- Қолданылған әдебиеттердің тізімін, қосымшаларды толтыру;
- Өдістемелік нұсқау бойынша жұмысты даярлау;
- Жұмыс жетекшісіне жұмыстық таза беттерін тексерту;
- Қорғалатын дипломдық жұмыстың рецензиясын тапсыру.

Дипломдық жұмысты жазбастан бұрын оның алдымен жобасын құру керек. Көп жағдайда дипломдық жұмыс 3 тараудан тұрады. Жұмыстың құрылымы шамамен былай жазылады:

Мазмұны

Тарау 1. Дипломдық жұмыстың пәнін, жобасын, теориялық тақырыбын қарау

- 1.1. Тақырып
- 1.2. Жоба
- 1.3. Пән

Тарау 2. Пәнді тәжірибелік зерттеу, теориялық көрсеткіштен ажырату (ереже бойынша, мекеме мысалында қарастырылады)

- 2.1. Тәжірибелік бөлімнің жалпы сипаттамасы
- 2.2. Зерттеу жобасының ерекшелігі, көрсеткіштің есептелуі

Тарау 3. Жетілдіру үрдісін және даму жобасын зерттеу

- 3.1. Қателіктерді анықтау және олардың шешімін табу

3.2. Даму жолдары және қаралып жатқан жобаның функционалын жетілдіру

Қорытынды

Дипломның беттері келесідей болып біріктіріледі:

1. Титулдық парак
2. Ғылыми жетекшінің пікірі
3. Рецензия
4. Дипломның аннотациясы (реферат)
5. Дипломның мазмұны.
6. Қорытынды
7. Қолданылған әдебиеттер
8. Қосымшалар

Дипломдық жұмысты титулдық беттен бастап нөмірлейді, бірақ парактың нөмірін «Мазмұн» жазылған беттен бастап қойылуы керек.

Дипломдық жобаны дайындау әр ЖОО-ның өзіндік әдістемелік нұсқауы болады, сондықтанда жұмысты орындау барысында сол берген ЖОО-ның әдістемелік нұсқаулығымен жазған дұрыс. Дипломдық жұмысты жазу шамамен 60-100 бет аралығында болу керек.

Магистрлік диссертацияны жазу үлгілері

1. Магистрлік диссертацияны жазу үлгілері
2. Диссертация мазмұны
3. Магистрлік диссертацияның жазылу талаптары

Магистрлік диссертация ғылыми мазмұндағы соңғы біліктілік жұмысын көрсетеді, яғни таңдалған тақырып нақты және талданған көрсеткіштер толығымен бейнеленуі қажет. Ол қазіргі ғылым және техниканың даму деңгейіне сәйкес болу керек, ал тақырып – өзекті болуға тиіс. Диссертация мазмұнының толық ашылуы, қорытынды және ұсыныстары олардың жаңашылдығы және қажеттілігі сияқты көрсеткіштерді қамтуы керек. Сондықтан магистрлік диссертация ерекше ғылыми шығарма түрінде ұсынылады. Диссертация жинақталған ақпараттарды мәтіндік материалдар түрінде, яғни диссертант өзіндік қарауы бойынша жинақталған ғылыми фактілерді және ғылыми құндылығын дәлелдеп немесе тәжірибелік қажеттілігін саналы түрде айқындап көрсетуі қажет.

Диссертация мазмұнында келтірілген мәліметтердің қайталанбауы қадағалануы қажет. Мазмұнның негізі болып жаңа материалдар немесе басқа ғылыми орындарда ерте әйгілі жағдайларды қамту немесе тың аспекті болып табылады.

Диссертацияның мазмұны көбіне жүйеленген түрде ғылыми зерттеудің бастауын және жүру барысын және осыдан шыққан нәтижесін бекітеді. Бірақ бұл жерде тек қана ғылыми негіздер ғана жазылмайды, олардың жан-жақты талданылуы жүргізіледі, балама және таңдаулы себептер арасынан қалыпты жағдайлар қарастырылады.

Диссертация әрқашан бір ғана концепцияны бейнелейді және бір ғана көзқарасты, соның ішінде бір қатысушының сырттай ғылыми пікірі қарастырылады. Оның мазмұнында нақты және таңдап алынған концепцияның дәлелденген аргументтері келтіріледі. Пайдалануына қарай жан-жақты жүйелендіреді және қарама-қарсы көзқарастар дәлелді түрде саналады.

Диссертация авторы тіл құрастыруға тырысады “мен” деген жеке есімдікті санамағанда қазіргі кезде жазылу ережесі мынадай, диссертация авторы көпше түрде орындаса “меннің” орнына “біз” есімдігін қолданса, ал бір топ адамның атынан сөйлеп тұрғандай көрінеді, ғылыми мектеп немесе ғылыми бетбұрыс сияқты. Бұл толығымен дұрыс, себебі қазіргі заманғы ғылымды мынадай тенденциялар: интеграция, ұжымдық шығармашылық мәселені шешуде кешенді жүйені сипаттайды.

Кафедрада орындалған магистрлік диссертация ғылыми жұмыс болып саналмайды, тек бұл ғылым емес, академиялық дәреже, яғни жоғары оқу орнын бітіруші және ғылыми жұмыспен айналысуды бастаушы болып саналады.

Магистрлік диссертация жеке ғылыми зерттеу болғанымен, оқу-ағарту жұмысының құрамына жату керек. Оның ғылыми деңгейі әрдайым оқу бағдарламасына сәйкес болуы керек. Орындалған жұмыс тек ғылыми мәселелерді шешу үшін емес, бұл автордың өз бетінше ғылымды ізденуі болып табылады.

Магистрант магистрлік диссертация қорғау мерзімінен 1 апта бұрын ЖООК білім беру бөліміне төмендегі құжаттарды тапсырып, бөлім бастығының рұқсатымен қорғауға жіберіледі:

- диссертациялық жұмыс сараптама комиссиясында қаралу (қорғау мерзіміне дейін 2 апта бұрын);
- зерттеу тақырыбына сәйкес республикалық журналда жарияланған кем дегенде 3 мақаласының болуы;
- рецензенттердің (рецензенттің қорғаған шифры магистранттың зерттеу жұмысына сәйкес келуі керек) және ғылыми жетекшінің жазбаша оң пікірлері (рецензенттің визасы жұмыс атқаратын мекеменің кадр бөлімімен куәландырылған болуы қажет);
- реферат (1 б/т көлемінде, яғни кем дегенде 16 беттен кем болмауы тиіс, қорытынды бөлімі 3 тілде-қазақ, ағылшын, орыс.);

- алдын ала қорғаудың хаттамасының көшірмесі;
- аннотация (3 тілде-қазақ, ағылшын, орыс.);
- диссертациялық жұмыстың антиплагиаттық тексеруден өткендігі туралы анықтама.